



қондырғылар шығарушылар, кезінде атақты "Рассвет" тігін фабрикасының ісін бүгінгі жалғастырушысы "Рауан" кәсіпорны, басқа да товар өндірушілер бақтарын сынасты. Бізге олардың әрқайсысы да жоғары атаққа лайық болып көрінді.

- Бір конкурстың шеңберінде барлық товар өндірушілердің ерекшеліктерін атап өту, әрине, қиын, - дейді Техникалық реттеу және метеорология комитетінің ШҚО бойынша басқармасының бастығы Бақытжан Халелұлы Құнафиянов. - Бастапқы жылда-

Өткен жұма күні Үлбі металлургия заводдың мәдениет сарайында "Шығыс Қазақстанның үздік товарлары - 2005" көрме-конкурсы ұйымдастырылды. Оның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Айбек Кәрімов дәстүрлі өтіп келе жатқан байқаудың мақсаты мен осы уақытқа дейін қол жеткізген жетістіктерге тоқталды.

- Өткен жылы конкурста 58 кәсіпорын қатысса, биыл 60

"ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТОВАРЛАРЫ - 2005" облыстық көрме-конкурс

кәсіпорын қатысып отыр. 2004 жылғы байқаудың қорытындысы бойынша 34 кәсіпорынның 47 түрлі өнімі үздік деп танылып, облыс әкімінің дипломымен марапатталған болатын. Жеңімпаз аталған Балтабаев Ж. К. мен "Семмикс" ЖШС-нің өнімдері республикалық жарыстарда "Қазақстанның үздік товарлары" деп танылды. Аталмыш байқау товар өндірушілердің бәсекеlestігін арттыра отырып, олардың сапа белгісін көтеруге ұмтылысын қалыптастыруда, - деді Айбек Мұталапханұлы.

Көрмедегі товарлардан шынында да, адамның көзі тұнады. Азық-түлік өнімдері және өндірістік товарлар номинациялары бойынша өз товарларын ұсынған кәсіпорындардың өкілдері тұтынушыларға жан-жақты ақпарат беруде. Көрмеге келушілер "Фархад" ЖШС-нің нан өнімдеріне, "Корона+" ЖШС-нің тәтті торттары мен бөлішінен, маралдың қанынан жасалған балызамы мен пантокриннен, шұжық және басқа да толып жатқан азық-түлік өнімдерінен дәм татып көріп, өз бағаларын беруде.

- Бүгінгі көрмеде бір ұнағаны, - дейді өзін Алмас деп таныстырған тұтынушы, - жылдағыдан өдемірек. Олай дейтінім, товар

Бүгінгі таңда тұтынушылардың негізгі талабы - сапа. Жергілікті товар өндірушілердің жоғары атаққа ұмтылысын қалыптастыру, облыстық сауда нарығын сапалы товарлармен қамтамасыз ету мақсатында 2002 жылдан бері облыс әкімінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығына конкурс және "Шығыс Қазақстанның үздік товарлары" атты облыстық көрме-конкурс өткізіліп келеді.

өндірушілер өз өнімдерінің сапасымен қоса сырт бейнесіне де көңіл бөле бастаған сияқты. Тортарға, басқа да тәтті тағамдарға қараңызшы, нағыз өнер туындысы! Жеуге көзін қимайды. Басқа да кез келген өнімге қараңызшы, өндіруші оған бар жанын салғаны көрініп тұр.

Сауда жасаушылар жан-жақтан қамталаған Семей ет комбинатының өнімдеріне жақындады. Өнімдерінің үлкен сұранысқа ие болуларының себебін басшылары Болат Ақылжанұлы былайша түсіндірді:

- Біздің өнімдеріміз лабораториядан үш баспадақты тексеруден өтеді, сол себепті ешқандай аурудан жасқанбай пайдалануға болады. Қазір біз бір ауысымда 70 мың банка консерві, 3,5 тонна шұжық шығарамыз. Ал жалпы біздің цехтардың қуаттылығы тәулігіне 10 мың тонна шұжық өндіруге мүмкіндік береді. Жаңа жылға дейін 7 мың тоннаға жеткізбекпіз. Шұжықтың он бес түрі бар, қондырғыларды

750 мың АҚШ долларына Германия, Австриядан алғанбыз. Ал етті өз облысымызда, кейде Монголиядан сатып аламыз. Өзіміз сойып, өзіміз шикізатты әзірлейміз. Сондықтан да сапасына да тек өзіміз жауаптымыз.

Семейлік "Корунд" ЖШС-нің әр жастағы адамдарға, сан алуан сән түрімен ұсынылған тондары да көпшіліктің назарын аударғаны сөзсіз. Кәсіпорынның директоры Фарида Қадырқызының сөзіне қарағанда, олардың өнімдері озық технологиямен өңделеді және жергілікті ауа райына лайықталған. Содан болар "Корундтың" тондары әрі жеңіл, әрі жылы. Ішкі істер министрлігіне тері киімдерін тігуге тапсырыс та осы "Корундқа" берілген көрінеді. 2003 жылдан бері шығаратын өнім түрлерін кеңейту мақсатында "Корунд-строй" жобасы іске қосылған. Енді кәсіпорын құрылыс материалдарының түрлі-түрімен белгілі болуы.

Көрме - конкурста жиһаз жасаушылар, әр түрлі техникалық

ры біз кәсіпорындарды арнайы шақырсақ, бүгінде олардың өздері хабарландыру арқылы естіп, қатысуға ниет білдіруде. Оның үстіне жылдан-жылға бір-бірінің өнімдерін көргесің бәсекеlestіктері де артуда. Көрмеге жүздеген өнім қойылған, ал номинация екеу-ақ; азық-түлік өнімінің үздігі, өндірістік товарлардың үздігі. Сол себепті алдағы уақытта номинацияларды көбейтпекбіз. Биылдың өзінде көрмендердің ең жаңыс көретін кәсіпорны, ең көп өнім шығарған кәсіпорың жақсы дизайн конкурсықа белсенді қатысқаны үшін сияқты төрт номинация қостық. Өз еңбектерінің лайықты жемісін көрген товар өндірушілер бұдан да жақсы көрсеткіштерге ұмтылары сөзсіз.

Биылғы конкурстың қорытындысы қыркүйек айының соңында шығарылмақ. Жеңімпаздар облыс әкімінің арнайы дипломымен және ақшалай сыйлықпен марапатталумен қоса Астана қаласында қазан айында Республика Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен өтетін республикалық конкурсықа қатысуға мүмкіндік алады.

СҮРЕТТЕ: көрме-конкурстан көрініс.

Суретті түсірген
Е. ОРЫНБАЕВ.